

Ұлытау облысы білім басқармасы Сәтбаев қаласының білім бөлімі
«С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ-нің
педагогикалық кеңесінің
№3 хаттамасынан үзінді

03.10.2023 жыл

Қатысты: 60

Қатыспаған: 2 (себепті)

Күн тәртібі:

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау туралы ақпаратты "С.Сейфуллин атындағы гимназиясы" КММ ұжымының мүшелеріне жеткізу
2. Мемлекеттік аттестаттау аясында "С.Сейфуллин атындағы гимназиясы" КММ өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссия құрамын бекіту

Бірінші мәселе бойынша "С.Сейфуллин атындағы гимназиясы" КММ директоры Г.А.Джакипова сөз алды, ол мемлекеттік аттестаттаудың негізгі ережелерін ұжымға жеткізді.

Мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес профилактикалық бақылау арқылы бес жылда бір рет жүргізіледі. 2023 жылдың 4-8 желтоқсан аралығында гимназияның мемлекеттік аттестаттаудан өтуіне байланысты 2023 жылдың 3 қазанынан 3 қарашаға дейінгі аралықта гимназияда өзін-өзі аттестаттау процедурасы өтетінін айтты.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай қорытындылардың бірі беріледі:

1) білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына толық сәйкес келген жағдайда, аттестатталды;

2) білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, аттестатталмады.

Бұзушылықтар жойылмаған немесе белгіленген мерзімде есеп ұсынылмаған жағдайда білім беру ұйымы аттестатталмады деп есептеледі, бұл бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін негіз болып табылады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 4-1-тармағына сәйкес білім беру ұйымдары жыл сайын білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізеді. Өзін-өзі бағалау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» бойынша жүзеге асырылады.

Өзін-өзі бағалау мына бөлімдер бойынша жүргізіледі:

- 1) Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы.
- 2) Кадрлық құрамға талдау;

- 3) Білім алушылар контингенті;
- 4) Оқу-әдістемелік жұмыс;
- 5) Оқу-материалдық активтер;
- 6) Ақпараттық ресурстық және кітапханалық қор;
- 7) Білім алушылардың білімін бағалау;
- 8) Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы;
- 9) Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары;
- 10) Қорытындылар мен ұсыныстар.

Осы аталған бөлімдер бойынша жауаптыларды ұсынды. 7,8,9,10,11,12,13 қосымшаларды толтыруға жауаптылар тағайындалды.

Қаулы:

1. 2023 жылдың 4-8 желтоқсан аралығында мемлекеттік аттестаттаудан өтуіне байланысты 2023 жылдың 3 қазанынан 3 қарашаға дейінгі аралықта гимназияда өзін-өзі аттестаттау процедурасы басталсын.
2. «С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ-нің барлық құрылымдары мемлекеттік аттестаттаудың ережелері мен тәртіптерін өзін-өзі аттестаттау процедурасын жүргізу айлығында өз жұмыстарында басшылыққа алсын.
3. Өзін-өзі аттестаттау процедурасын жүргізудің іс-шаралар жоспары жасалсын.

2-сұрақ бойынша директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Ф.Т.Оразалина «С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ-де өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамын ұсынды.

Қаулы:

2.1. «С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ-де төмендегі құрамда өзін-өзі бағалау комиссиясы құрылсын:

Төрағасы: Джакипова Г.А. – директор.

Оразалина Ф.Т. – директордың БО жөніндегі орынбасары.

Айбекова Т.Т. – директордың ОІ жөніндегі орынбасары.

Шуменбаева Ж.А. – директордың ОІ жөніндегі орынбасары.

Сейлова А.А. – директордың ТІ жөніндегі орынбасары.

Казиева А.А. – директордың ТІ жөніндегі орынбасары.

Панькова Е.О. – кәсіподақ комитетінің төрағасы.

2.2. Комиссия мүшелері белгіленген мерзімде «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына сәйкес 3 жыл ішінде (2021-2022 оқу жылы, 2022-2023 жылы, 2023-2024 I тоқсан оқу жылдары) ақпарат дайындасын.

Кеңестің төрағасы

Хатшы

